

I. Ұйымдастыру кезеңі.

«Қимылдар» ойынын ойнату


Балаларға қойылған сұрақтарға балалар сөзбен емес қимыл арқылы көрсетуі керек.

- **1. Сәлеметсіздер ме?** (балалар бастарын иіп қимылдайды)
- **2 Көңіл - күйлерің қалай?** (балалар бас бармақтарын жоғары көтеріп, көлденең қойып немесе төмен түсіру арқылы білдіреді)
- **3 Ауа райы қандай бүгін** (күн ашық болса қолдарын жоғары көтереді, күн бұлтты болса қолдарын белдеріне қояды, жауын - шашынды болса алақандарымен төбелеріне үйшік жасайды)
- **4 Бүгінгі сабаққа дайынсыңдарма?** (алақандарымен шапалақтайды)

Септік атаулары арқылы топқа бөлінеді.

Үй тапсырмасын тексеру:.

Білімді жан-жақты тексеру кезеңі.



Әр топ өздеріне берілген септіктерді берілген сұрақтары бойынша жауап береді.

1-топ зат есім: атау және ілік септіктері

2-топ етістік: барыс және табыс септіктері

3-топ сын есім: жатыс және шығыс септіктері

4-топ сан есім: ілік және табыс септіктері

1. Атау септік

2. Ілік септік

3. Барыс септік

4. Табыс септік

5. Жатыс септік

6. Шығыс септік

1. Ерекшелігі

2. Ережесі

3. Сұрақтары

4. Жалғауы

5. Сөйлемдегі қай мүшесі қызметін атқарады

“Сикырлы санды сөйлөт”

36	63	24	28	81	35	56	45
к	ө	м	е	к	т	е	с

$4 \times 9 =$

$7 \times 9 =$

$4 \times 6 =$

$7 \times 4 =$

$9 \times 9 =$

$7 \times 5 =$

$8 \times 7 =$

$9 \times 5 =$

***Сабақтың тақырыбы:
Көмектес септік***



Сабақтың мақсаты:

- **Білімділік:** Оқушыларды көмектес септігінің жалғауларын, оларға қойылатын сұрақтарды меңгерту. Сөйлем ішінен осы септігіндегі сөздерді таба білу дағдыларын меңгерту.
- **Дамытушылық:** Оқушылардың ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту, сөйлеу, әңгімелеу дағдысын жетілдіре отырып, мәнерлеп сөйлеуге, әдемі жазуға, өз бетінше жұмыс орындауға дағдыландыру.
- **Тәрбиелік:** Балаларға өзін-өзі ізгілікке тәрбиелеуге дағдыландыру. Зеректікке, ұқыптылыққа баулу. Көркем жазу арқылы әсемдікке тәрбиелеу.

■

Көркем жазу сәті.

Терме диктант (әр топ өздеріне керекті септіктегі сөздерді көшіріп жазады)

1-топ зат есім: ілік септік

2-топ етістік: барыс септік

3-топ сын есім: жатыс септік

4-топ сан есім: шығыс септік

Алмастың, бақшаға, ұяда, Алматыда, суға, кітап-
тың, аспаннан, шағаланың, мектепте,
сызғыштың, радиодан, бесікке, аттан, әжеге,
оқушыда, авто-бұстан



*Көмектес септіктегі зат
есімдер Кіммен?*

*Кімдермен? Немен? Нелермен?
деген сұрақтарға жауап береді.*

*Көмектес септігінің
жалғаулары: –мен, –бен, –пен.*

*Сөйлемде тұрлаусыз сөйлем
мүшесі болып тұрады.*

80–жастығу. (дәптермен жұмыс)

Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қой.

Қай септікте тұрғанын айт.

1. Атасы Бекзатпен ұзақ
әңгімелесті.

2. Нағашы әжемнің үйіне
пойызбен бардық.

3. Сәкен шалғымен шөп шапты.



81-жаттығу. (жеке жұмыс)

Мақалды жатқа жаз.

Мағынасын түсіндір.

Немен? Сұрағына жауап беретін сөзді тауып, жалғауларды тиісті белгімен белгіле.

1. Оқу – инемен құдық қазғандай.
2. Сумен ойнама – батарсың,
Отпен ойнама – күйерсің.

82-жаттығу. (жұптық жұмыс)

Адасқан сөздерді орнына қойып,
сөйлем құра.

Олардың қай септікте тұрғанын айт.

Ол келеді жоталарды
адыр кезумен мен

М.Әуезов

Сөз

қымбат

халқыңның

кені

С.Мұқанов

Тас



ұр

ұрғанды

ас

мақал

Сергію сәті:



83–жаттығу. (Тақтамен жұмыс)



Әр топ сөйлемдерді бөліп алады.

Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Сөйлем мүшесіне талда.

Көмектес септіктегі сөздер
сөйлемнің қай мүшесі болып
тұрғанын айт.

1. Оқушылар сабақты зор ықыласпен тыңдады.

2. Апай Гүлсіммен ұзақ әңгімелесті.

3. Әсия терезені таза шүберекпен сүртті.

4. Марат театрға атасымен келді.


84–жастығу
(оқулықпен жұмыс)

Мәтінді оқы.

Көмектес септіктегі сөзді тап.

Мәтінге ат қой.

*Біз не білдік?
Талқылау.*





Үйге тапсырма:

Ереже жаттау. 85–жаттығу.

Бағалау.



*Назарларыңызға
рахмет!*